



Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында бөлшек салықтың 2024 жылға арналған салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 7726-15 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабы 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Петропавл қаласында бөлшек салықтың арнайы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері 2024 жылы алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Петропавл қалалық мәслихат төрағасы

А. Бердагулов